

Торайғыров атындағы облыстық кітапханада Қазақстан халқының бірлігі күніне орай облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен өзге этнос жастары арасында «Мемлекеттік тіл - тәуелсіздік символы» атты облыстық байқау өтті.

Ксения үздік шықты



Аталған байқау аймағымызда мемлекеттік тілді кеңінен насихаттап, қолданылу аясын кеңейту және әлеуметтік рөлін арттыру, қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт жастарын ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды.

Жалпы байқау үш кезеңнен өтті. Шарада 13 қатысушы бақ сынасты. Сайыстың бірінші кезеңінде қатысушылар өздерін таныстырып, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларынан үзіндіні жатқа оқыды. Екінші кезеңде берілген тақырыптар бойынша қатысушылар сауалдарға жауап берді. Үшінші кезеңде берілген тақырыптар бойынша эссе жазды.

«Барлық қатысушылар жеңіске жетуге лайықты. Дегенмен, сайыстың аты - сайыс. Сайысқа қатысқан жастарға айтарым қазақ тілін тек осы байқау үшін ғана қолданбай, күнделікті өмірде де сөйлесе екен деген ұсынысым бар», - деді әділқазы мүшелерінің бірі, Павлодар педагогикалық университетінің профессоры Ырысгүл Шақаман.

Байқау қорытындысы бойынша жүлделі 3-орынды Успен ауданының үміткері Любовь Агадилова, 2-орынды Тереңкөл ауданының үміткері Дания Мендрышора иеленсе, 1-орынға Май ауданының үміткері Ксения Жұмабекова лайықты деп танылды. Ксения республикалық деңгейде өтетін этнос жастары арасындағы байқауға жолдама алды.

Барлық қатысушылар Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Айдана БОРАНБАЕВА.